

АҢДАТПА

Үш екілік сумматор негізінде құрылатын алынатын модульді алдын-ала анықтау арқылы сандарды модульге келтіруші құралдар белгілі. Мұндай құрылғылар, әсіресе матрицалық және конвейерлік схемаларды құру кезінде үлкен аппараттық шығындармен сипатталады. Бір екілік сумматор және үш салыстыру схемасының негізінде жекеленген қалдықтарды қалыптастырушыны жылдам әрекет еттіретін құрылым ұсынылып отыр. Бұл алынатын модульді алдын-ала келтіру арқылы әр түрлі разрядтылық сандарды модуль бойынша келтіру үшін аппараттық шығындарды айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді. Ұсынылған жекеленген қалдықтарды қалыптастырушы Xilinx компаниясының Artix-7 платасында Verilog жобалау тілінде іске қосу арқылы тексерілді.